



БОЛАШАҚ ҰРПАҚ ҮШІН РӨЛДІК МОДЕЛЬДЕР

БІЗДІҢ КОРПОРАТИВТІК ТӘРТІП КОДЕКСІ





Біздің корпоративтік тәртіп кодексіне қош келдіңіздер

«Хенкель» – бұл бүкіл әлемде өмір сүретін 53000 қызметкерден тұратын әр түрлі және көп мәдениетті команда. Біздің өнімдеріміздің, қызметтеріміздің және шешімдеріміздің көмегімен миллиардтаған адамдардың өмірін бірге байытамыз және жақсартамыз. Біз айналамыздағы әлемге үлкен септігімізді тигіземіз, сондықтан біздің істеп жатқан тірлігіміз және одан да маңыздысы, оны қалай істеп жатқанымыз үлкен рөл атқарады.

Біз адамгершілік қағидаттары мен жоғары этикалық стандарттары бар компаниямыз, оларды сақтау біздің дүниетанымымызда және іскерлік тәжірибемізде маңызды рөл атқарады және әрқашан маңызды болып табылады. Сондықтан біздің Корпоративтік тәртіп кодексіміздің маңызы өте зор. Бұл біздің іс-әрекеттеріміздің және қылықтарымыздың компасы болып табылады және бізге қиын жағдайларды басқаруға, дұрыс шешім қабылдауға және бүкіл әлемде біздің клиенттеріміздің, серіктестеріміздің, қоғамдастықтарымыздың арасында ұрпақтан ұрпаққа келе жатқан мінсіз беделімізді сақтауға көмектеседі. Корпоративтік тәртіп кодексі – бұл бизнесті жүргізудің іргетасы.

Біздің мақсатымыз – «Болашақ ұрпақтың игілігі үшін жүрек қалауы бойынша тұңғыш ашушылар» – осы ұстанымдарды ерекше атап көрсетеді. Біз жұмыс істейтін әрбір елде, барлық бөлімшелер мен қызметтерде бизнесті әдепті және адал жүргіземіз. Тұңғыш ашушылардың рухы және этикалық нормаларды сақтау бір-біріне қайшы келмейді, олар бір-бірімен бірге жүреді. Сондай-ақ, отбасылық бизнестің дәстүрі бойынша біз өз құндылықтарымызды ұрпақтан-ұрпаққа жеткіземіз.

Қазіргі ұрпақ алдыңғы буыннан үлгі алады және әлемдік масштабта бізге сәттілік пен бірегейлік әкелген құндылықтарды сақтай отырып, келесі ұрпақ үшін рөлдік модель ретінде қызмет етеді. Біздің міндетіміз – рөлдік модель болу және әрқашан біздің іс-әрекеттерімізбен мінез-құлқымыз кеңінен әсер ететін адамдар туралы ойлау: болашақ ұрпағымыз туралы.

Ізгі ниетпен,

Simone
Саймон

Carsten
Карстен

Ақпан 2022 ж.:

МАЗМҰНЫ

1. КОРПОРАТИВТІК ТӘРТІП КОДЕКСІНЕ ҚОШ КЕЛДІҢІЗ

2. ІСКЕРЛІК ЭТИКА БІЗ ҮШІН НЕНІ БІЛДІРЕДІ 4

3. БОЛАШАҚ ҰРПАҚТЫҢ ИГІЛІГІ ҮШІН ІС-ӘРЕКЕТТЕР 6

3.1 БІЗДІҢ КОМАНДАМЫЗ 7

Орынды тәртіп 8

Біздің беделіміз 9

Жұмыс орнында денсаулықты сақтау және қауіпсіздік 10

3.2 БІЗДІҢ КОМПАНИЯМЫЗ 11

Компанияның активтері 12

Қаржылық мінсіздік 13

Мүдделер қақтығысы 14

3.3 БІЗДІҢ КЛИЕНТТЕРІМІЗ, ТҰТЫНУШЫЛАРЫМЫЗ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУШІЛЕРІМІЗ 15

Адал бәсекелестік және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл 16

Өнімнің қауіпсіздігі мен сапасы 17

Сандық қауіпсіздік және этика 18

3.4 БІЗ ЖӘНЕ ҚОҒАМ 19

Адам құқықтары, басқа заңдар мен әлеуметтік нормалар 20

Экологиялық тұрақты даму 21

Қоғаммен байланыс 22

4. ӘРБІР АДАМНЫҢ ҮЛЕСІ 24

5. БІРГЕ АЛҒА 26

ІСКЕРЛІК ЭТИКА БІЗ ҮШІН НЕНІ БІЛДІРЕДІ

Күн сайын миллиондаған адамдар біздің өнімдерімізді қолына алған кезде, олар біздің құндылықтарымызбен және ұстанымдарымызбен байланыста болады. Бұл бізге үлкен мүмкіндіктер бере отырып, үлкен жауапкершілікті де жүктейді.

Осы жолмен бізді берік мұрамыз және тұңғыш ашушылардың рухы жетелеп келеді, олар байланыстардың, достық қатынастардың, бір-біріне шынайы қамқорлықтың дамуына ықпал етеді, адамдарға қамқорлық жасау дәстүрін нығайтады.

Біздің жүрегімізде бірлік сезімі қалыптасқан, бұл біздің әр түрлі командамыздың негізін құрайды. Іскерлік этиканы сақтауға деген жалпы ұжымдық көзқарас бір жағынан жаңашылдық пен бастама, екінші жағынан отбасылық дәстүр мен жауапкершілік арасындағы қажетті тепе – теңдікті орнату үшін «Хенкельдің» бірлескен күшін толық пайдалануға мүмкіндік береді.

Біз өзімізге қойған жоғары этикалық стандарттар «Хенкель» мен жалпы қоғамның мүдделеріне тиімді қызмет етуге, тұрақты даму жолында көшбасшы болуға және болашақ ұрпақ үшін тамаша рөлдік модель болуға мүмкіндік береді.

ІСКЕРЛІК
ЭТИКА
БІЗДІҢ
МАҚСАТЫМЫЗҒА
ЖЕТУГЕ
ҚАЛАЙ
КӨМЕКТЕСЕДІ



★ ★ ★
Henkel
PURPOSE

Henkel
Values

Henkel
Leadership
Commitments

Henkel
OUR Integrity
↓
Code of Conduct

Біздің құндылықтарымызды және көшбасшылық ұстанымдарымызды іске асыру және мақсатымызға жету үшін рөлдік модель бола отырып, біз қалай әрекет және қызмет етеміз.

БОЛАШАҚ ҰРПАҚТЫҢ ИГІЛІГІ ҮШІН ІС-ӘРЕКЕТТЕР

Рөлдік модель деген не,
сіз қашан да болса оны көрдіңіз бе?





БІЗДІҢ КОМАНДА

Өртүрлілік, теңдік және инклюзивтілік мәдениетті, командалық жұмыс пен отбасылық рухты қалыптастыру – біздің жетістігіміздің негізі болып табылады. Тек қолайлы, салауатты және қауіпсіз жұмыс ортасында ғана біздің қызметкерлер өз әлеуетін толық аша алады. Болашақ ұрпақтарға рөлдік модель болуымыз үшін тек Хенкельде ғана емес, қоғамда да іске асырғымыз және қорғағымыз келетін біздің дүниетанымымыз.



Мен достарыммен
ойнағанды
ұнатамын. Кейде
біз әртүрлі
ақымақтық
жасаймыз. Бірақ
мен оларды
ешқашан
ренжітпеймін,
өйткені мен
оларды жақсы
көремін.

ҚҰРМЕТПЕН ҚАРАУ

Бірыңғай алуан түрлі және көп мәдениетті команда – біздің негізгі мықты жақтарымыздың бірі. Сондықтан біз таланттарды жұмысқа тартамыз және оларға қолдау көрсетеміз, инновациялық идеялармен алмасу үшін кеңістік жасаймыз. Мұның бәрі бізге серіктестер мен клиенттерді түсінуге және адал, ашық орта құруға үлес қосу мүмкіндігін береді. Біз үшін әртүрлілік пен инклюзивтілік дегеніміз – біздің айырмашылықтарымызды қабылдау, бір-бірімізге сенім арту және бір команда ретінде бірге жұмыс істеуді білдіреді.

Біз әрқашан бір-бірімізге және барлық адамдарға құрметпен қараймыз. Біз нәсілге, терінің түсіне, жынысына, жыныстық бағдарына, дініне, саяси құрамына, кәсіподақ мүшелігіне, мүгедектікке, ұлтқа, әлеуметтік тегіне немесе жасына (тізім толық емес) байланысты қудалаудың, қорлаудың немесе кемсітудің кез-келген түріне және формасына жол бермейміз.

Біздің адамдарымыздың тең құқылығы – біздің корпоративтік мәдениетіміздің іргелі ұстанымы. Біз қызметкерлеріміздің барлығына бірдей қол жетімді мүмкіндіктерді ұсынамыз, оларға «Хенкель» компаниясының қызметіне өз үлестерін қосуға, сондай-ақ тұлға ретінде және кәсіби өсуге мүмкіндік береміз.

Бұл ұстанымдар біздің компанияның ішіндегі, сондай-ақ жеткізушілермен, контрагенттермен және іскерлік серіктестермен өзара іс-қимыл жасау кезіндегі ынтымақтастығымыздың іргетасын құрайды.

**Біз «Хенкельде»
өзімізді күнделікті
өмірде жақсы
көрсетуге
мүмкіндік беретін
құрметпен қарауды
және инклюзивті
мәдениетті
қалыптастырамыз.**

ПРАКТИКАЛЫҚ МЫСАЛДАР

ТОЛЫҒЫРАҚ

ТЕК «ХЕНКЕЛЬ» КОМПАНИЯСЫНДА ІШКІ
ПАЙДАЛАНУ ҮШІН

БІЗДІҢ БЕДЕЛІМІЗ

Өзінің мінсіз іскерлік мінез-құлқының арқасында ондаған жылдар бойы «Хенкель» мықты іскерлік беделге ие болды. Әр қызметкеріміздің мінез-құлқы әлемдегі беделімізге айтарлықтай әсер етеді.

Қызметкерлеріміздің ассоциациялардағы, клубтардағы және т.б. кез келген жеке бастамасы заң шеңберінде болса, олар біздің құндылықтарымызды құрметтесе, біздің беделімізге қауіп төндірмесе және лауазымдық міндеттерді орындауға кедергі келтірмесе, біз оны әрқашан құптаймыз.

Әлеуметтік желілер сияқты қоғамдық кеңістікте өз пікірін айтуға және жеке көзқарастарды білдіруге келетін болсақ, біздің қызметкерлер өздерінің жеке көзқарастары мен «Хенкель» өкілі ретінде ұстанымдары арасындағы нақты айырмашылықты білуі тиіс.

Біз әрқашан «Хенкель» компаниясының жоғары беделіне сәйкес әрекет етуге және зиян келтірмеуге тырысамыз.

ПРАКТИКАЛЫҚ МЫСАЛДАР

ТОЛЫҒЫРАҚ

ТЕК «ХЕНКЕЛЬ» КОМПАНИЯСЫНДА ІШКІ
ПАЙДАЛАНУ ҮШІН



Кейде анам мен әкем мұны істеме деп айтады, бірақ мен бәрібір істеймін. Бірақ көбінесе анам мен әкемдікі дұрыс болатын. Бір рет мен тіземді жарақаттап алғаным да бар.



ЖҰМЫС ОРНЫНДА ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК

Біздің қызметкерлерімізді қорғау Компаниямыздың маңызды құндылықтарының бірі болып есептеледі. Біз денсаулық пен қауіпсіздік тәуекелдерін анықтау және жою үрдісін мұқият құрамыз.

Біз жұмыс орындарын өмір мен жұмыс үшін ыңғайлы етуде белсенді рөл атқарамыз. Сондай-ақ тұрақты және әлеуметтік жауапты даму ұстанымдарын ұстанамыз, демек, салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етеміз.

Біздің жұмыс орнында денсаулықты қорғау мен қауіпсіздік ұстанымдарымыз кеңселерімізде және өндірістік алаңдарда жұмыс істейтін барлық адамдарға қатысты. Біз жеткізушілерден, контрагенттерден және іскери серіктестерден денсаулықты қорғау мен қауіпсіздікке қатысты айтарлықтай жоғары стандарттарды күтеміз.

**Біз
қызметкерлеріміз
үшін салауатты
және қауіпсіз жұмыс
ортасын
қамтамасыз етеміз.**

ПРАКТИКАЛЫҚ МЫСАЛДАР

ТОЛЫҒЫРАҚ

ТЕК «ХЕНКЕЛЬ» КОМПАНИЯСЫНДА ІШКІ
ПАЙДАЛАНУ ҮШІН

БІЗДІҢ КОМПАНИЯМЫЗ

Біздің бизнестің өркендеуі компанияның активтеріне негізделген, олардың негізгісі – ол біздің беделіміз. Ол ұрпақтар ұрпаққа жинап келе жатқан және болашақ ұрпақ үшін сақтап, нығайтқымыз келетін сенімге негізделген. Инновацияларымыз, өнімдерімізбен өндірістік қуаттарымыз сияқты басқа активтер де біздің қорғанысымызға мұқтаж. Біз оларды сақтауға тырысамыз.



КОМПАНИЯНЫҢ АКТИВТЕРІ

Материалдық немесе материалдық емес активтеріміз – бұл біздің өткен және болашақ жетістігіміздің негізі. Біз оларға әрқашан жауапкершілікпен қараймыз және оларды қорғаймыз.

Құпия ақпарат пен зияткерлік меншік – бизнестің болашақ сәттілігін қамтамасыз ететін ең маңызды құндылықтар, олардың артында едәуір қаржы салу мен уақыт пен жұмыс жатыр. Оларды қорғай отырып, біз өзіміздің бәсекелестік артықшылығымызды қорғаймыз.

«Хенкель» компаниясының барлық ақпараты, сондай-ақ оның зияткерлік меншігі құпия болып табылады және оларды жария етуге рұқсат берілмесе, таратуға жатпайды. Біз әлеуметтік желілерде немесе басқа жолдармен ешқандай құпия ақпаратты жария етпейміз.

Біз құпия ақпараты бар құжаттарды сенімді сақтаймыз. Біз өз жеткізушілеріміздің, контрагенттеріміздің және басқа да іскери серіктестеріміздің құпия ақпараты мен зияткерлік меншігін өз тарапымыздан ұқыпты және адал ниетпен қолданамыз және өз кезегінде олардан осындай қатынасты күтеміз.


Біз Компанияның барлық қолжетімді ресурстарын жоғалтудан, зақымданудан, ұрлықтан және дұрыс пайдаланбаудан қорғаймыз. Біз Компанияның мүлкін жауапкершілікпен пайдаланамыз және оны жеке қажеттіліктеріміз үшін қолданбаймыз.

**Біз «Хенкельдің»
барлық активтеріне
ұқыпты қараймыз
және оларды
сақтаймыз.**

ПРАКТИКАЛЫҚ МЫСАЛДАР

ТОЛЫҒЫРАҚ

ТЕК «ХЕНКЕЛЬ» КОМПАНИЯСЫНДА ІШКІ
ПАЙДАЛАНУ ҮШІН



Кейде менің досым Сэм екеуміз ойыншықтарыммен ойнайтынбыз. Бұл жақсы, өйткені ол менің досым. Алайда, ол менің қызыл машинамды сындырды, мен аздап ренжідім. Бірақ ол бәрібір менің досым болып қалады.



ҚАРЖЫЛЫҚ МІНСІЗДІК

Қаржылық мінсіздік – бізді компания ретінде қалыптастырған сенім мен құрметтің іргетасы. Біздің негізгі міндетіміз – дұрыс және сенімді қаржылық есептілікпен қол жеткізілетін бизнесті жүргізудің ашықтығын қамтамасыз ету.

Дұрыс бухгалтерлік және қаржылық есептілікті қамтамасыз ету үшін біз барлық заңнамалық талаптарды және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын қатаң сақтаймыз. Дәл осындай тәсіл салық заңнамасы мен ережелерге қолданылады. Сондай-ақ, біздің жұмысымыздың ажырамас бөлігі мәмілелер мен іс-әрекеттердің шынайы сипатын құжаттарда көрсету болып табылады.

**Біз дұрыс және ең
анық қаржылық
ақпаратты
ұсынамыз.**

ПРАКТИКАЛЫҚ МЫСАЛДАР

ТОЛЫҒЫРАҚ

ТЕК «ХЕНКЕЛЬ» КОМПАНИЯСЫНДА ІШКІ
ПАЙДАЛАНУ ҮШІН

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ

Біз әрқашан барынша адалдықпен бизнес жүргізетінімізге сенім артып, білгеніңізді қалаймыз. Сондықтан, біз өзімізге және кіммен жұмыс істейтінімізге өте жоғары этикалық талаптар қоямыз, сондай-ақ, әрқашан іскерлік мүдделерді жеке мүдделерден ажыратуға тырысамыз.

Сондықтан, біз жеке мүдделер мен «Хенкель» мүдделері арасындағы қақтығысқа әкелуі мүмкін жағдайлардан аулақ болуымыз керек. Іскерлік шешімдер қабылдай отырып, біз кез-келген жеке пайда алусыз, әрқашан «Хенкельдің» объективті және заңды мүдделеріне сай әрекет етуіміз керек.

Мүдделер қақтығысының пайда болуы корпоративтік тәртіп кодексін бұзу болып табылмайды. Бұзушылық тек жария етпеген және тиісті түрде шеше алмаған жағдайда ғана орын алады. Ықтимал мүдделер қақтығысы нақты мүдделер қақтығысы сияқты бірдей қауіпті. Желілік менеджермен және персонал жөніндегі менеджермен ашық сөйлесу немесе күмән туындаған жағдайда Комплаенс командасын тарту – ықтимал мүдделер қақтығысын шешудің тиімді құралдары болып табылады.

**Біз «Хенкель»
компаниясының
мүддесі үшін ғана
әрекет етеміз.**

ПРАКТИКАЛЫҚ МЫСАЛДАР

ТОЛЫҒЫРАҚ

ТЕК «ХЕНКЕЛЬ» КОМПАНИЯСЫНДА ІШКІ
ПАЙДАЛАНУ ҮШІН



БІЗДІҢ КЛИЕНТТЕРІМІЗ, ТҰТЫНУШЫЛАРЫМЫЗ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУШІЛЕРІМІЗ

Біздің өнімдермен миллиондаған адамдар күнде пайдаланады. Біз оны қауіпсіз, экологиялық таза және сапалы ету үшін бар күшімізді саламыз. Осы жолдағы әр қадаммыз біз үшін маңызды, біз оған барлық күш-жігерімізді және жан-дүниемізді саламыз. Сол көңіл-күймен және жауапкершілікпен сандық технологияларға да қараймыз және күнде өзгеріп тұратын әлемге үздіксіз бейімделеміз. Біз үшін ең маңыздысы – ол қазіргі уақытта және болашақ ұрпақ үшін бизнесіміздің іргетасы ретінде клиенттерімізбен, тұтынушыларымызбен және жеткізушілерімізбен тығыз сенімді қарым-қатынасты қамтамасыз ету.



АДАЛ БӘСЕКЕЛЕСТІК ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

Жүректің қалауымен тұңғыш ашушылар ретінде адал бәсекелестік – инновацияның негізгі қозғаушы күші деп санаймыз және ол клиенттер мен тұтынушылардың пайдасына өнімдердің жақсаруына әкеледі.

Біздің өнімдеріміз және қызметтеріміз өздерінің бәсекелестік артықшылығын қамтамасыз етеді деп сенеміз. Біз адал бәсекелестік қағидаттарын ұстанамыз және өз қызметімізде бәсекелестікке қатысты барлық қолданылатын заңнаманы сақтаймыз. Біз бәсекелестікті заңсыз, арам немесе әдепсіз түрде жоятын немесе шектейтін әрекеттер жасамаймыз.

Біз мемлекеттік қызметшілер мен үкіметтерге қатысты, сондай-ақ жеке секторда да парақорлықтың немесе бизнестегі сыбайлас жемқорлықтың кез келген түріне төзбейміз. Біз өз шешімдерімізге ықпал етуге, сондай-ақ үшінші тұлғаларға уәде беру немесе олардан ақша алу немесе қандай да бір құнды нәрсе беру, қабылдау, ұсыну арқылы бизнестегі заңсыз артықшылықтарды алу әрекеттеріне жол бермейміз.

**Біз өнімдеріміздің
және қызметтеріміздің
қадір-қасиетіне
негізделген адал
бәсекелестік
қағидаттарын
ұстанамыз.**

ПРАКТИКАЛЫҚ МЫСАЛДАР

ТОЛЫҒЫРАҚ

ТЕК «ХЕНКЕЛЬ» КОМПАНИЯСЫНДА ІШКІ
ПАЙДАЛАНУ ҮШІН

Мен өте жылдам жүгіре аламын. Бірде мен үлкен әпкемді озып кеттім, ол болса, мен алдамшылық еткенімді айтты. Ал мен алдамшылық жасамадым.





ӨНІМНІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН САПАСЫ

Біздің өнімдеріміз біздің барлық істерімізде үлкен рөл атқарады. Ондаған жылдар бойы біз өз клиенттерімізбен және тұтынушыларымызбен сенімге негізделген қарым-қатынас орнатып келеміз. Сондықтан біз өнімнің де, технологиялық үрдістердің де қауіпсіздігі мен сапасына қатысты барлық жағдайларда ымыраға келуге ешқашан жол бермейміз.

Біз денсаулықты сақтау және қауіпсіздік саласындағы талаптарды, сондай-ақ, біз жұмыс істейтін өңірлерде қолданылатын таңбалау ережелерін сақтаймыз. Біз өнімдеріміздің талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету үшін оларды үнемі талдаймыз және бағалаймыз.

Біз барлық мүдделі тұлғалардың игілігі үшін ең жоғары сапалы қауіпсіз өнімді ұсынуға тырысамыз.

ПРАКТИКАЛЫҚ МЫСАЛДАР

ТОЛЫҒЫРАҚ

ТЕК «ХЕНКЕЛЬ» КОМПАНИЯСЫНДА ІШКІ
ПАЙДАЛАНУ ҮШІН

САНДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЭТИКА

Цифрландыру біздің әлемді үлкен жылдамдықпен өзгертіп келеді. Біздің бизнесіміз деректер негізінде көбірек басқарылады және бұл көптеген жаңа мүмкіндіктерді ашады. Сонымен бірге бірқатар проблемалар мен этикалық мәселелер туындайды. Барлық мүдделі тұлғаларды ескере отырып, осы мәселелерді шешуге жауаптымыз.

Біз сезімтал және құпия ақпаратты барынша мұқият қарап, оған қамқорлық жасауға міндеттіміз. Біз киберкеңістікті қажетті сақтықпен қолданып, жеткілікті қауіпсіздік шараларын қабылдаймыз. Сондай-ақ қызметкерлеріміздің, іскерлік серіктестеріміздің және тұтынушыларымыздың дербес деректерін өңдеу кезінде жоғары стандарттарды ұстанамыз. Біз деректерді қорғаудың қолданыстағы реттеуіне сәйкес дербес деректерді заңды және ашық мақсаттарда пайдаланамыз.

Жасанды интеллект біз үшін және біздің жұмысымызға қатысы бар адамдар үшін жаңа мүмкіндіктерді ашады. Бірақ, сонымен бірге үлкен жауапкершілікті талап етеді. Біз жасанды интеллект технологияларын бақылаудың нақты механизмдерін қолдану арқылы, осыған байланысты тәуекелдерді жұмсарту үшін есептілік пен әдептіліктің, тұлғалар құқықтарының, ашықтықтың іргелі қағидаттарын сақтай отырып пайдалануға тиіспіз.

**Біз сандық және
нақты әлемде бизнесті
жүргізудің бірдей
ұстанымдарын
қолданамыз.**

ПРАКТИКАЛЫҚ МЫСАЛДАР

ТОЛЫҒЫРАҚ

ТЕК «ХЕНКЕЛЬ» КОМПАНИЯСЫНДА ІШКІ
ПАЙДАЛАНУ ҮШІН





БІЗ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

Біздің әлем үшін өз жауапкершілігін сезіну ең басынан компаниямыздың құндылықтарының біреуі болып бекітілді. Біз барлық адамдарды және қоршаған ортаны бірдей құрметтейміз және оларға дұрыс әсер етуді мақсат етеміз. Сондықтан, біз жасаған барлық істерімізде планетаны қалпына келтіруге және қоғамның өркендеуіне үлес қосуға тырысамыз.

Кішкентай кезімде мен акулаларға құмар болдым. Енді мен табиғатты және барлық жануарларды жақсы көремін. Біз оларды қорғауымыз керек.



АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ, БАСҚА ЗАҢДАР МЕН ӘЛЕУМЕТТІК НОРМАЛАР

Адам құқығын сақтау – этикалық міндет. Сондай-ақ, бұл бізге адамдардың өміріне дұрыс әсер етуге мүмкіндік береді. Сондықтан біз әрқашан барлық адамдардың құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтейміз. Біз кәсіпорындарымызда және қоғамдастықтарымызда қызметімізді жүргізетін барлық адамдарға адал, бірдей тең және құрметпен қараймыз. Сонымен қатар, өндірістік-өткізу тізбегімізге тұрақты этикалық іскерлік тәжірибелерді енгізу бойынша үнемі жұмыс атқарамыз.

Әлемнің көптеген нарықтарында және аймақтарында бола отырып, біз әртүрлі заңнамалық жүйелердің заңдары мен ережелеріне бағынамыз. Біз жоғары азаматтық жауапкершілігі бар компаниямыз; бұл біздің адамдар жергілікті дәстүрлер мен басқа да әлеуметтік нормаларды құрметтей отырып, жұмыс істейтін қоғамдардың барлық қолданыстағы заңдарын, нормалары мен ережелерін сақтайтындарын білдіреді. Заңдарды сақтау, атап айтқанда, экспортты бақылау және санкциялар сияқты сауда ережелерін, сондай-ақ ақшаны жылыстатуға қатысты ережелерді сақтауды қамтиды.

**Біз барлық
іс-әрекеттеріміздің
негізі ретінде адам
құқықтарын
сақтауды
ұстанамыз.**

ПРАКТИКАЛЫҚ МЫСАЛДАР

ТОЛЫҒЫРАҚ

ТЕК «ХЕНКЕЛЬ» КОМПАНИЯСЫНДА ІШКІ
ПАЙДАЛАНУ ҮШІН

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРАҚТЫ ДАМУ

Біздің міндетіміз – болашақ ұрпақ үшін қоршаған ортаны қорғау. Сондықтан біздің барлық әрекеттеріміздің және қабыланған шешімдеріміздің негізінде экологиялық тұрғыдан қолайлы және жауапты іскерлік тәжірибе жатыр. Біз оларды тұрақты ету және ең ақырында планетаны қалпына келтіру үшін күреске үлес қосу мақсатында бизнесімізді және өндірістік- өткізу тізбегімізді жетілдіруге ниеттіміз.

Қайта өңделетін материалдар мен қызметтерді қолдана отырып, экологияға деген әсерді азайтып, табиғи ресурстарды жауапкершілікпен пайдалануды қамтамасыз ете отырып, қоршаған ортаға келтіретін әсерді үнемі азайтамыз. Біздің күш-жігеріміз барлық өндірістік-өткізу тізбегіне де қолданылады, онда біз тұрақты және экологиялық жауапты тәжірибелерді сақтау бойынша әріптестермен бірігіп жұмыс істейміз.

**Біз қоршаған ортаны
қорғау және
ғаламшарды қалпына
келтіру қағидаларын
ұстанамыз.**

ПРАКТИКАЛЫҚ МЫСАЛДАР

ТОЛЫҒЫРАҚ

ТЕК «ХЕНКЕЛЬ» КОМПАНИЯСЫНДА ІШКІ
ПАЙДАЛАНУ ҮШІН





ҚОҒАММЕН БАЙЛАНЫС

Қоғамдық ұйымдарды, қоршаған ортаны қорғау бастамаларын, білім, ғылым, денсаулық сақтау, спорт, өнер және мәдениетті қолдау арқылы «Хенкель» ақшалай және материалдық қайырымдылықты жүзеге асырады. Біз қайырымдылық көмек пен қолдау көрсетудің нақты рәсімдерін әзірледік, сондай-ақ қайырымдылық көмек көрсетілмейтін салаларды айқындадық, атап айтсақ, бұл саяси партияларға, саясаткерлерге немесе саяси лауазымға үміткерлерге қатысты.

Жеке және корпоративтік қатысуды нақты бөле отырып, қызметкерлерімізді қайырымдылық бастамаларға қатысуға ынталандырамыз. Біз жергілікті заңнама шеңберінде және жұмыстан тыс уақытта волонтерлікті және қайырымдылық немесе әлеуметтік жұмыстарға қатысуды қолдаймыз.

Азаматтық жауапкершілігі жоғары компания ретінде, қоғамдық және саяси пікірталастарға қатыса отырып, біз ашық әрекет етеміз және фактілерге сүйенеміз.

**Біз қоғамға
пайда әкелуге
тырысамыз.**

ПРАКТИКАЛЫҚ МЫСАЛДАР

ТОЛЫҒЫРАҚ

ТЕК «ХЕНКЕЛЬ» КОМПАНИЯСЫНДА ІШКІ
ПАЙДАЛАНУ ҮШІН

**Біз «Хенкельде» өзімізді күнделікті
өмірде жақсы көрсетуге
мүмкіндік беретін құрметпен
қарауды және инклюзивті
мәдениетті қалыптастырамыз.**

**Біз әрқашан «Хенкель»
компаниясының жоғары
беделіне сәйкес әрекет етуге және
зиян келтірмеуге тырысамыз.**

**Біз қызметкерлеріміз үшін
салауатты және қауіпсіз
жұмыс ортасын
қамтамасыз етеміз.**

**Біз «Хенкельдің» барлық
активтеріне ұқыпты
қараймыз және оларды
сақтаймыз.**

**Біз дұрыс және
ең анық қаржылық
ақпаратты
ұсынамыз.**

**Біз «Хенкель»
компаниясының
мүддесі үшін ғана
әрекет етеміз.**

**Біз өнімдеріміздің және
қызметтеріміздің қадір-қасиетіне
негізделген адал бәсекелестік
қағидаттарын ұстанамыз.**

**Біз барлық мүдделі
тұлғалардың игілігі үшін ең
жоғары сапалы қауіпсіз
өнімді ұсынуға тырысамыз.**

**Біз сандық және нақты
әлемде бизнесті жүргізудің
бірдей ұстанымдарын
қолданамыз.**

**Біз барлық іс-
әрекеттеріміздің негізі
ретінде адам құқықтарын
сақтауды ұстанамыз.**

**Біз қоршаған ортаны
қорғау және ғаламшарды
қалпына келтіру
қағидаларын ұстанамыз.**

**Біз қоғамға
пайда әкелуге
тырысамыз.**



ӘРБІР АДАМНЫҢ ҮЛЕСІ

Бірде
балабақшада
мен Лизаны
шашынан
тарттым, Бен
Платт ханымға
айтқан болатын,
ал Платт ханым
анама айтты,
сонда анам
маған Лизадан
кешірім сұрауым
керек деді, мен
кешірім
сұрадым.

СІЗДІҢҢ ДАУЫСЫҢЫЗ

Кез-келген жағдайда ойынды айту және өз алаңдаушылығыңды білдіру әрдайым оңай емес, бірақ біз «Хенкельде» әркім ашық сөйлеп, өзін жақсы сезінуге болатын мәдениетті дамытамыз. Бұл әрқайсымыз үшін құндылықтарымызды және тұтастығымызды қорғаудың жалғыз тәсілі.

Егер сіз бірдеңе дұрыс емес екенін байқасаңыз, айтуға қорықпаңыз. Сіздің айтқаныңыз дұрыс па, бұрыс па маңызды емес – егер сізді бір нәрсе алаңдатса, оны ішіңізде ұстамаңыз. Біз әр ескертуге байыпты қараймыз.

Сіз мұны тікелей жетекшіңізбен талқылай аласыз. Немесе қызметкерлер бөліміне, Комплаенс командасына немесе, мысалы, «Хенкель» комплаенсінің анонимді желілері бойынша хабарласа аласыз (толық ақпарат «Хенкель» корпоративтік желісінде және «Хенкель» сайтында).

Мәселе туралы айтқан сәтте «Хенкель» мәселені мүмкіндігінше тезірек шешу үшін тиісті шаралар қолданады. Біздің ұйым қандай да бір қудалауға төзбейді және алаңдатушылық тудырған мәселе туралы шынайы хабарлаған кез-келген адамды қорғап алады, тіпті ол «мәселе» болып шықпаса да.

ПРАКТИКАЛЫҚ МЫСАЛДАР

ТОЛЫҒЫРАҚ

ТЕК «ХЕНКЕЛЬ» КОМПАНИЯСЫНДА ІШКІ
ПАЙДАЛАНУ ҮШІН



БІРГЕ АЛҒА

БОЛАШАҚ ҰРПАҚ
ҮШІН РӨЛДІК
МОДЕЛЬДЕР

Корпоративтік тәртіп кодексі бізге бағыт береді және біздің жолымызда компас ретінде қызмет етеді. Бірақ, шынайы тұңғыш ашушылар ретінде біз жолымызды өзіміз өтуіміз керек. Сондықтан бәріміз ұжымдық жауапкершілікті өз мойнымызға алып, нақты рөлдік модельдер сияқты әрекет етуіміз қажет.

